

# “Жырлайды жүрек” (М.Мақатаевтың туғанына 84 жыл)





Мұқағали  жары  Лашынмен



*Мұқағали сүйікті қызы  Майгүлімен (сол жақта)бірге*




Жары Лашын мен анасы Нағиман



Жары  Лашын балаларымен бірге

Емханадан кеткім жоқ;
Қайда барам?!
Бәрі де жат, бірі жоқ аймалаған.
Отанымның сан берген ордасын мен,
Жұмыс орным деймін де, пайдаланам.

Тегін төсек жатқаным, тегін табам,
Дәрігер де, дәрі де тегін маған.
Тегін жарық, буфетім — жұмыс орным,
Мен осында қаламын, ебін табам...

Ұмытамын кім қандай жүз екенін.
Мен осында өзімді түзетемін.
Қарындасқа қатарымды көмекші боп,
Сырқаттарды түн бойы күзетемін.

Қайда барам мен мыңау сырыммененен,
Мен ақынмын!
Сырыммен, құныммененен!
Күні бойы аралап бөлмелерді,
Сырқаттарды емдеймін жырыммененен!
Солай!!!

Емхана. Түн. Буфет.
14.XII.74 ж.

P.S. Жеке өзіңнің пайдалануыңа (оқуыңа),
баспаға емес. Кейін көре жатармын.
Мұқағам



Мұқағалидың Қазақ радиосында диктор болып жүрген кезі.

Мұқағалидың қазақ радиосында диктор болып жүрген кезі



Нағиман ана

Мұқағалидың



жастық шағы



Суретте: Диктор Мұқағали әріптестері арасында

**Диктор Мұқағали әріптестері арасында**




**Ақын  шәкірттерінің ортасында**



Мұқағалидың мектептегі мұғалімдік кезеңі



Жаны жайсаң жолдастар



**Қазақстан жазушылары ақын мұражайы алдында**


МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
ДАРИҒА
-ЖҮРЕК




Суретте: 2000 жылы "Аманат" атты өлеңдер жинағы үшін Мұқағали Мақатаевқа берілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының құжаты



**Ақынның жазу үстелі**




**Мұқағали Мақатаев ескерткішінің ашылуы**

Н
а
р
ы
н
қ
о
л





# Көріп келем өмірді

Күміс жалды күн дейтін көлікпенен
Көріп келем өмірді, көріп келем.
Қуатым бар жанымда, сеніп келем,
Даңғазаға даурығып, желікпеген.

Кездеседі кей-кейде босаң қайғы,
Кеспек болып алдымды шошаңдайды.
Кездестірем кейде бір осал жайды,
Кезі-кезі келгенде дос алдайды,
Көңіл сонда құлазып, босаңдайды.

Жүгірмей, желмей, жортпай, жорғаламай,
Өрмелеп шығып келем жонға қарай.
Қыран болсам, қонбас па ем шыңға барып,
Дариға-ай, қанатымның болмағаны-ай!...


Мұқағали
Республикалық әдеби-мәдени, танымдық журнал
№2
Ақпан
2007
Біз деген достым, тағдыры қызық халықпыз,
Халқының өзі қорғасын құяр қалыппыз

**Олар жоқ;**
**Бәрі бір–бір дастан еді**
**Қондырған алақанға асқар елі,**
**Білсе егер Сәкен, Ілияс, Қасым, Тайыр,**
**Жұртты бір желпіндіріп тастар еді,**
**Осынау жыр бәйгесін бастар еді.**

**Жалғасы бар,**
**Жырымның жалғасы бар,**
**Сол жырым ақтарылса арнасынан,**
**Селкілдеп тау мен тасың зорға шыдар.**
**Жалғасы бар,**
**Жырымның жалғасы бар.**

**“М.Мақатаев – адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы. Оның өлеңдері шын тебіренiстен, шын шабыттан, шын күйзелістен, шын қуаныштан, шын сағыныштан туған.”**

**Қазынам бар,**
**Қисапсыз шектеледі.**
**Қызғанады біреулер, жек көреді.**
**Бермеймін де сатпаймын, көрсетпеймін!**
**Алам десең, алдымен зертте мені...**

Туады, туады әлі нағыз ақын,
Нағыз ақын бал мен у тамызатын.
Жесірдің айырылмас сырласы боп,
Жендеттің көзінен жас ағызатын.
Туады, туады әлі нағыз ақын.